

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. Б.172-173

Ы. АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Ризаев Ф., студент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Ыбырай Алтынсарин Қазақстанның қоғамдық ойы мен әдебиетінің тарихына тамашапедагог-ағартушы, жазушы, фольклоршы және этнограф ретінде танылды.

Ыбырай дарынды және ынталы бала болды. Ол мектеп оқығанда алғашқы күндерден бастап құрдастарының арасында ерекше болды. Мұғалімдер бірден дарынды балаға назар аударды, ұстаз түсіндіргендердің бәрін мұқият қабылдады, әр пәнге терең үнілді.

Мектепті бітірген соң, Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина болып қызмет атқаратын үлкен әкесі Балғожа Жаңбыршыұлының хатшысы болады. (1857— 1859). 1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады, Ыбырай сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгілінеді.

Ыбырайдың бүкіл өмірін арнаған ағартушылық-педагогтық қызметі осылай басталады. Тікелей Ыбырайдың араласуымен 1864 жылы 8 қаңтарда жаңа мектептің ғимараты салтанатты түрде ашылады. Ыбырай Алтынсарин қазақ қыздары үшін Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақта, Ақтөбеде мектеп-интернат ашқызды және тарихи мән-маңызызор болды. Ыбырай орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын шығару қажет деп санады. 1879 ж. оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және дидактикалық оқу мәселесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» жарық көрді. Бұл екі кітап та қазақ балаларын кириллица негізінде оқытуға арналған тұңғыш оқу құралдары болды. Ыбырай – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосты. Ол қазақ жастарын оқу, өнер-білімді игеруге шақырды.

Менің негізгі зерттеу нысаным Ы.Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні. Иә, Ыбырай көп әңгімелер жазды. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әрәңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері деуге болады. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді.

Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Тәрбие мәселесі- бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тындап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өзмәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі.

Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көреміз. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Мысалы Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш, Бай баласы мен жарлы баласы, Қыпшақ Сейтқұл, т.б. сияқты жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған.

Мәселен, "Қыпшақ Сейтқұл" әңгімесінде автор халыққа бай, өз бетінше еңбек етіп, жалданбай өмір сүруге болатындығын және отырықшы халықтың бірлігі берік бола алатынын дәлелдейді. [1. 89]. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы Асыл шөп, Бақша ағаштары, Таза бұлақ т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Алтынсариннің "Бай баласы мен кедей баласы" әңгімесінде үлкен идея бар. Ғасырлар бойы жұмысшыларды қанауды көрген бай баласының дәрменсіздігін суреттеу арқылы сол қоғамның тамыры бұзылғанын және кедей баласы Үсеннің ақылдылығын көрсете отырып, еңбек еткен адамның қиындықтан оңай шыға алатынын дәлелдейді. [1. 267].

"Мейірімді бала" әңгімесі адамгершіліктің жоғары сапасын сипаттайды. Әкесі үшін өзін құрбан етуге, ауыр жұмыс істеуге және тіпті әкесі үшін қолын кесуге дайын жас қыз әрекетіне қайран қаласыз. Мұндай мейірімділікке, әкеге деген қамқорлыққа, даналыққа өмірдің қиыншылықтарын көрген саналы бала ғана қол жеткізе алады.

Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. [2. 77].

Ы.Алтынсарин өз халқының артта қалушылығын жоюдың бірден-бір жолы ағартушылықта деп сенді және Қазақстандағы халық ағарту ісінің ұйымдастырылуы мен дамуына белсене араласты.

А. Ақажанованың «Ыбырай Алтынсарин ағарту және қоғам мәселелерін талдауға арналған шығармаларында дүниетанымдық ерекше пікірлер қалыптастырды. Ыбырайдың әңгімелерінен оның қоршаған дүниенің санадан тыс және тәуелсіз өмір сүретіндігін мойындайтынын байқаймыз». [3. 6] деген пікірі Ыбырайдың өзін қоршаған қоғам мен әлеумет әлемін тануы мен талдауы, түйсінуі мен түсінуі жоғары екенін алға тартады.

Қорыта келе, қазақтың оқу-ағарту саласының негізін қалаушы Ы.Алтынсарин әңгімелері ХХІ ғасыр технологиялары арқылы жанданып, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңнен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастыруға зор септігін тигізеді деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Ы. Алтынсарин Шығармалар жинағы. – үш томдық. – Том 1. – Алматы: Ғалым, 1978. – 297б.

2 Омарова К. Ибрай Алтынсарин о воспитании // «Костанайские новости» – 2001. – 14августа.

3 Akazhanova A.A.«Wethodology of the Developmentof the Worldview of Scool childrenthrough» Games. Opcion, Ano 35, No.89 (2019): 640-659 ISSN 1012-1587/ ISSNе :2477-9385; The names and motivation of the kazakh national sports (Польша, 2019).

Жетекшісі: С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ доценті, ф.ғ.к. А.С. Нұржанова